

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Заң факультеті
Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
Пән: NZ 3410 Жерге салық салу жүйесі

Мамандығы – «6B07304-Кадастр»

Курс – 3
Семестр – 6
Кредит саны – 5
Оқу нысаны: күндізгі

Алматы 2023 ж.

Қорытынды емтихан бағдарламасы «Кадастр» мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспары негізінде з.ғ.к., профессор м.а. Г.Т. Айгариновамен құрастырылған.

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының отырысында қаралған және бекітілген

« 09 » 06 2021 ж., хаттама №35

Кафедра меңгерушісі _____Жатқанбаева А.Е.(қолы)

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және академиялық саясатқа сәйкес «6B07302-кадастр» бағыты бойынша бакалавриат бағдарламасын игеру, пәнді оқыту емтихан тапсырудан тұратын қорытынды емтиханмен аяқталады. Қорытынды бақылауға пән бойынша оқу процесін оқу жоспары мен бакалавриат бағдарламасына сәйкес аяқтаған және бакалавриаттың жұмыс оқу жоспарларына сәйкес тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және Универ бетінде емтихан кестесінде көрсетілген күндерде өткізіледі. Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңге қорытынды бақылауды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың есеп айырысу шотына несие санына ақша сомасы төленгеннен кейін ғана тапсыруға рұқсат етіледі. Емтихан нәтижелері бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студентке осы пәнді қайта оқыту туралы бұйрық шығарылады. Студент емтиханнан 25 балл жинаған жағдайда, ол әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың есеп айырысу шотына соманы төлеу арқылы FX-ны қайта тапсыруға мүмкіндігі бар. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін берілген денсаулық құжаттары қарастырылмайды. Бағаны жақсарту үшін емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. Пән бойынша қорытынды бақылау (емтихан) Moodle ҚОЖ жүйесінде тест түрінде өтеді. Тестті қабылдау барысы-проктордың немесе оқытушының бақылауымен (егер прокторинг болмаса) автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады.
2. Moodle ҚОЖ - дағы тест нысанындағы емтиханның ұзақтығы - 25 сұраққа 60 минут, 1 әрекет.
3. Тест түрі - 1 тест жинағында тең арақатынаста сұрақтардың 4 түрі қолданылды.
4. Студентке 1 тестілеуден өтуге бір ғана әрекет беріледі.
5. "Тестті аяқтау" батырмасын басқаннан кейін нәтижелер экранда пайда болады, ал баллдар автоматты түрде емтихан парағына көшіріледі.
- 6.Тестілеу нәтижелері бақылау нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін.
7. Егер студент тест ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

Емтихан өткізу ережелері:

Емтихан-тестілеуді тапсыру үшін студенттер алдымен емтиханды тест түрінде өткізуге қойылатын барлық талаптармен танысуы керек. Барлық нұсқаулар https://drive.google.com/file/d/1u_TOKL2MZiJsE3EJjluDNNv_68WXb4rG/view?usp=sharing Студенттер емтихан өткізілетін күнмен және уақытпен "Универ" жүйесінде, "Емтихандар кестесі" бөлімінде алдын ала танысуы тиіс.

Студенттерге қойылатын талаптар:

1. Студент қорытынды емтиханды тапсыру бойынша барлық нұсқаулықтармен және пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасымен танысуға тиіс;
2. Емтихан-тестілеу басталар алдында студент:
 - * жұмыс құрылғысындағы интернет байланысы (компьютер, моноблок, ноутбук, планшет), құрылғы емтиханның барлық уақытында зарядтаумен қамтамасыз етілуі керек;
 - * камера мен микрофонның веб-жұмысының жарамдылығы.Ұялы телефон арқылы қосылуға тыйым салынады.
3. Студент емтихан тапсыру үшін жұмыс орнын дайындауы тиіс: жеке бөлме (кабинет); үй-жай жарықтандырылуы тиіс.
4. Студент тестілеуден өткен кезде бөлмеде/кабинетте бөгде адамдардың болуына жол берілмейді
5. Студенттің киім үлгісі-классикалық. Емтиханға үй киімінде немесе спорттық костюмде қатысуға жол берілмейді.
6. Емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жүйеге кіру мүмкіндігін тексереді Univer.kaznu.kz кез-келген браузер арқылы, бірақ Google Chrome арқылы (логин және / немесе пароль жоғалған жағдайда, студент емтихан басталғанға дейін куратор-эдвайзерге хабарласуы керек)

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттердің (оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: белсенділікті және аудиториядағы жұмысқа қатысуды бағалау; тапсырманы орындау, СӨЖ (жоба / кейс/бағдарлама/...) бағалау.

Әріптік бойынша сандық жүйе баға	эквивалент балдар	(%-дық көрсеткіш)	дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	94-90	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	

B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Емтиханға дайындықтың негізгі тақырыптары:

Тақырып 1. Қазақстан Республикасында жерге салық салудың қоршаған ортаны қорғаудағы құқықтық маңызы және рөлі

Салық ұғымы. Кәсіпкерлік санаттары. Жерге салық салу жүйесі.
жерге салық салудың қоршаған ортаны қорғаудағы құқықтық маңызы және рөлі

Тақырып 2. Жерге салық төлеу туралы заңдардың қалыптасу және даму тарихы

Қазақстанның Ресей империясы құрамындағы жерге салу ерекшеліктері
Кеңес үкіметіндегі жерге салық жүйесі
Тәуелсіз Қазақстанның жерге салық салу заңнамасының қалыптасуы

Тақырып 3. Жерге салық төлеудің түсінігі және мақсаттары.

Жер салығы түсінігі. Жер салығы объектілері. Жер салығын тқлеушілер. Жер салығын төлеуден босатылған тұлғалар тізімі.

Тақырып 4. Жерге салық салу қатынастары, түсінігі және жалпы сипаттамасы.

Жерге салық салу құқықтық қатынастардың пайда болуы
Жерге салық салу құқықтық қатынастардың өзгертілуі
Жерге салық салу құқықтық қатынастардың тоқтатылуы.

Тақырып 5. Жерге салық салу туралы заңдардың қағидалары.

Жерге салық салу қағидалар түсінігі
Жер салықтары қағидалары түрлері мен жүйесі

Тақырып 6. Жерге салық салу қатынастарын мемлекеттік реттеу

Жерге салық салу қатынастарын мемлекеттік реттеу мен басқару
Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу тетігі түсінігі
Жер қатынастарын мемлекеттік реттеудегі мемлекеттік органдар жүйесі

Тақырып 7. Жерді жеке меншікке немесе пайдалану құқығына беру (сату) үшін салық салуды құқықтық реттеу мәселелері.

Жермен жасалатын мәмілелер. Жерге меншік құқығы. Жерге меншік құқық түрлері.

Жерді жеке меншікке немесе пайдалану құқығына беру (сату) үшін салық салуды құқықтық реттеу мәселелері.

Тақырып 8. Жер салығының және жер ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеудің құқықтық мәселелері.

Жер салығының және жер ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеу түсінігі.

Жер салығының және жер ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлеудегі өзекті мәселелер.

Тақырып 9. Жерді жалдау ақысын құқықтық реттеу мәселелері.

Жер учаскесін жалдаудың түсінігі. Жер учаскесін жалдауда басшылыққа алынатын қағидалар. Жер учаскесін жалдау шарты. Объектілері мен субъектілері. Жерді жалдау ақысы – жерді жалдау шартының мәнді пункті ретінде. Жерді жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері.

Тақырып 10. Жерді қорғау үшін салық салудың құқықтық мәселелері

Жерді табиғи ресурс ретінде молықтырғаны үшін ақы төлеу. Жерге келтірілген зиянның орнын толтырудың құқықтық мәселелері. Жерді қорғау үшін төленетін төлемдердің өзге жер төлемдерімен ара-қатынасы. Жерге ақы төлеудің өзге түрлерін төлеудің құқықтық негіздері.

Тақырып 11. Жерге салық салудың өзге түрлерін құқықтық реттеу мәселелері.

Жер учаскесіне құқықтарды және олармен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу үшін төленетін төлемдері құқықтық реттеу мәселелері. Жер кадастрын жүргізу үшін төленетін төлемдерді құқықтық реттеу мәселелері. Жер учаскелерін есепке алу үшін төленетін төлемдер. Жер мониторингісін жүргізуді жоспарлау мен қаржыландыру мәселелері. Жерге орналастыру жұмыстарының қаржыландыру көздері. Жер сақтандыру төлемдері. Шаруа (фермер) қожалықтары төлейтін бірыңғай жер салығын құқықтық реттеу мәселелері.

Тақырып 12 Жерге салық салу туралы заңдарды бұзғаны үшін заңды жауапкершілік

Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін заңды жауапкершілік қолданудың құқықтық негіздері. Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін заңды жауапкершілік түсінігі, негіздері. Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік. Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік. Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік. Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін азаматтық жауапкершілік. Өсімпұл, айыппұл, мүлкін тәркілеу, кепілпұл, кепілзат, кепілдеме, кепілдік. Жерге ақы төлеу туралы заңдарды бұзғаны үшін экономикалық жауапкершілік.

Тақырып 13. Жерге ақы төлеу саласындағы шет мемлекет-терінің тәжірибелері.

Жерге ақы төлеу саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Жерге ақы төлеу саласындағы шет мемлекеттерінің тәжірибелері. Жер қатынастарын жекелеген мемлекеттерде құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Тақырып 14. Жерге салық салу саласындағы шет мемлекет-терінің тәжірибелері.

Жерге салық салу саласындағы халықаралық ынтымақтастық. Жерге ақы төлеу саласындағы шет мемлекеттерінің тәжірибелері. Жер қатынастарын жекелеген мемлекеттерде құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Тақырып 15. Шетел мемлекеттерінің жерге салық салу жүйесі.

Жерге ақы төлеу саласындағы шет мемлекеттерінің тәжірибелері. Жер қатынастарын жекелеген мемлекеттерде құқықтық реттеу ерекшеліктері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі // «Әділет» АҚЖ сайтында Электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K030000442>;

2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212>;

3. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 212 Салық кодексі. // «Әділет» АҚЖ сайтында электрондық ресурс ретінде қолжетімді: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K070000212>;

4. Еркінбаева Л.К., Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Алматы : Жеті Жарғы, 2015. - 326 б

5. Айгаринова А.Т., Жангабулова А. К. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және ерекше бөлім: оқу құралы - Әл - Фараби атындағы. Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 447 б

5. Айгаринова Г.Т. Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жер төлемдері. – Юрист баспасы, Алматы 2009 – 216б.

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.